

Бояумен жазылған шежіре

Ә. ҚАСТЕЕВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Тоғанбек ТІЛЕУБЕКҰЛЫ

Қазақтың бейнелеу өнері тарихы "Көне сақ дәуірі", "Қыпшақ заманы", "Мұсылмандық дәуір", "Кеңес заманы" деп, шартты түрде төрт кезеңге бөлініп жүр. Алайда, көне түркілердің сәби кезіндегі таңбаларынан - ақ, біз олардың өз заманындағы көрген-білгенін ұрпаққа хат қалдырғанын, тас кітапқа жазып кеткенін көреміз.

Өнердің бұл түріне әлеуметтік өзгерістер мен діни сана-сезім тосқауыл бола алмаған. Бұл бояумен жазылған шежіре келешекте де халықтың іс-әрекеті мен мінез-құлқын, рухани жан-дүниесін сипаттайтын негізгі көркемдік тілдің бірі болып қала бермек.

XX ғасырдың басында дүниеге келіп, езінің сара жолымен, дара талантымен өз халқына өлшеусіз өнерімен, бойындағы аппақ арымен, ұлтқа төн тазалығымен, ерен еңбегімен есте қалған, табиғи дарынымен өз арманын іздеп, сол арманына жеткен адамның бірі - Әбілхан Қастеев еді.

Әбілхан Қастеев 1904 жылы қарлы қаңтарда қазіргі Талдықорған облысы Панфилов ауданындағы Кежін ауылында туған. Ол әкесінен жастай айырылып, 8 жасында байдың сиырын, қойын бақты.

Табиғат-ана адамның сезімін оятып, ой-қиялын дамытып, жүрегінің түбінде ұялап қалған асыл арманына нұр құйды. Оның таң ала көлеңкедегі тамылжығанын бозторғайының үні, салқар соққан самалының қоңыр лебі, желбіреген желбір жекені, жұпары аңқыған жуасы мен жусаны ойға ой қосады, санаға шоқ түсіреді.

Кейін қойшы бала бір сәт қойларын жусатып тастап, жықпыл бойлап, аңғар аралап, асыл тастар іздеп, ауылға апақарындасымен қуыршақтарды әкеп жүрді. Бірте-бірте ол тастан қашап, түрлі мүсіндерді үйрене бастады.

Бірде ол өз ауылындағы зергерлердің өнерін көріп, оны да меңгере бастады. Ол осылайша халық өнерінің қайнар көзі ауыл өмірінен сусындаған. Ол қолөнердегі текемет, сырмақ, алаша тоқу, шеге өрнек салуды, киіз басуды ауылдағы әжелері мен апаларынан үйреніп, оны көкірегіне тоқып, көңіліне ұялатты.

Бала жастан жыр-аңыз, дастан, қиссаларға сусындап, телегей теңіз қазақ ауыз әдебиетінің тал бесігінде тербеліп өсті. Ол ауыл ортасында жүріп, қаншама қиындыққа кездесе де, асау ат жалына жармасқандай, арманынан айырылмады. "Өнерінің қолын ұста, өнегелінің жолын ұста" - деген халық қағидасын есте сақтап жүрді. Осы арман жолында ол арланбады. Ауылын тастап, әр үйге су тасыды, құрылыста жұмыскер болды.

XX ғасырдың басында Ұлы Даланы оятқан, дүр сілкіндіріп, халықтың үміті мен сеніміне ие болған Турксиб құрылысы ел еңсесін көтеріп тастады. Міне, осы Ұлы құрылысқа 20 жастағы Әбілхан да қатысты. Ересектерге арналған кешкі мектепте сауатын ашты. Қастеевтің көз алдында дала өмірінде түбегейлі өзгерістер болып



жатты. Бозбала жігіт қоғамдық бұл өзгерістерге араласып, өз тағдырын халық өмірімен ұштастыра білді.

1939 жылы "Турксиб" атты кішкене суреттен басталған бұлақ бастауы 1969 жылы осы тақырыпқа қайта оралып, өз енерін көрмеге қойды. Бұл картинада вагондардың ұзын тізбегін сүйреткен поезд арынды айқайымен, будақ-будақ түтінімен бүкіл даланы елең еткізді. Поезд көруге келген кәрі де, жаста, еркекте, әйел де, түйелі де, атты да дүрлігіп, отарба мен жаяу да, аттылы да жарысса, дала кемесі түйе де оларға маңғаз қарап тұрған еді.

Ал, 1932 жылы "Мектепке" атты еңбегі қазақ бейнелеу енерінің алтын қорына қосылған алғашқы сурет дер едік. Сол кездегі теңдікті аңсаған, оқу-білімге аңсары ауған, кітап құшақтаған қазақ қызының көз жанарында жас араласқан арман бар, қобалжыған жүрек дүрсілі де естіліп тұрғандай.

Суреткер болу үшін, әуелі өмірді танып, біліп, зерттеп, жүрек пен ақыл ойды сәулеттендіру керек. Ал, Қастеев болса, халық ортасынан шыққан тума талант, ол өз халқының өмірін жақсы білген, өскен ортаның уызынан нәр алған. Ол бізге ескі өмірдің де елесінен шежіре қалдырған шынайы суреткер. Өксігі мол өткен Заманның халыққа тигізген қасіретін "Бай мен кедей құдық басында", "Тасаттық кезіндегі молда" секілді болған оқиғаны өз суреттерінде сарказм мен мысқылы арқылы сол замандағы адамдардың бойындағы іс-әрекеттерінен байқаймыз.

Бір ғана "Сатылған қалыңдық" атты суретінде сол кездегі әйелдер теңсіздігі, қалыңмалға сатылып, өз теңіне бара алмаған жас ару қыздың ауыр халін, көңіл-күйі бейнеленген. Қалыңдық өз әктесіндей шалға зорлықпен көніп, оған жек көрінішті сезіммен қиыс қарап, іштей егіліп, ат үстінде әзер келе жатыр. Ал, бай болса езуінде күлкі бар, мәз болып келе жатыр. Тау арасы солғын бояумен күңгірттеніп, сол замандағы "Қыз жолының жіңішкелігін" тау ішіндегі тастақ жол бедері аша түскен.

Талабы тас жарған Әбілханға қамқор болған, талантты дер кезінде таныған ізгілікті адамдар кеп еді. Солардың бірі Қазақстанға жер ауып келген Николай Гаврилов Хлудов еді. Ол Алматыда 1920 жылы бейнелеу өнер студиясында сабақ берді. Ешбір сауаты жоқ, ешбір арнайы сурет мектебінде оқымаған Әбілханға сурет әліппесін үйретті.

Өнерге деген құштарлығы, білсем, үйренсем деген іштей сұранысы бар бозбала қайнар бұлақтың бұрқылдаған суындай, немесе жартасқа дәнін сеуіп, таудың тасына тамырын жайған қарағайдай өмірге деген құштарлығы басым болды. Сол себепті де қазақ даласынан шәкірт тапқан А.Г. Хлудов былай деген еді. Ежелден өмірі тасып шалқыған қазақ халқының бейнелеу өнерін мұрат тұтатын бір суретті таптым! -деп қуанған еді.

Ол бірде Әбілханға: "Ал, Әбілхан, енді бұдан былай бұл өнердің көш бастаушысысың! Сен салған соқпақпен талай талапты таланттар ереді. Сондықтан сенің арқалаған жүгің мен міндетің ауыр" - деген еді. Жаңа заман өмірді де, өнерді де, адамдарды да өзгертті. Ұйықтап жатқан дала езінің көшпелі өмірін артта қалдырып, жаңа қоғамның жаңа санасын, басқаша қабылдады. Сенім бар жерде үміт аты алға жетелемей ме?!

Әбілхан үшін халық өмірінен тыс қалу - өнерден де тыс қалу. Өмірді сүйген өнер арман қуған бозбаланы көп мазалады, алға жетеледі, өнер жолында ержетті, есейді. Ол қай тақырып болса да, халық өмірінің шаттығы ма, елдігі ме, әлде өрлігі ме, әйтеуір осының бәрін өз суретінде жан беріп, тірілтіп, қалада өмір сүргендерге ой салып, ол ауылдан қалаға келгендерге ауылдың иісі аңқыған, табиғи тіршілігін нанымды көрсете білді. Мысалы, "Киіз үйдің ішкі көрінісі", өзенді жағалай қонған киіз үйлер, ауыл тіршілігі еңбекпен ұласып жатты: "Колхоздың сүт фермасы", "Шөп шабу", "Мақта жинау", "Бие сауу", "Колхоз тойы", "Кежін өзені" деген суреттерде.

Әбілхан тек қана суретші ғана емес, ол - осы өнері арқылы өз халқының тұрмыс-тіршілігін, дала географиясын, өнерін зерттеген ғалым. Ол осы киіз үйде әуелеген әнді, күмбірлеген күйді, ақын-жыраулардың қиссаларын естіп, термелер мен толғауларын есіне сақтап бояумен көрсете білді.

Суретші тілі - бояу. Әуелі, табиғат-суретші. Біз оған жан бітіріп, сөйлетеміз. Сулы

бояу (акварель) әсерлікті сүйетін жанр. Майлы бояумен салғаннан сулы бояумен салғанның үлкен айырмасы бар. Майлы бояумен монументтілік, төзімділік, әсер туғызу күші басым болса, сулы бояудың мөлдірлік пен нәзіктікті жеткізе бейнелеу қасиеті молырақ. Сулы бояуда табиғаттың басым болуы шарт. Әбілхан - сулы бояумен сурет салудың қас шебері еді.

Ол өмір бойы өнердің биігіне шығу үшін, табиғат, адамдарды ақ қағазға түсіріп, жылдар бойы еңбек етті.

Қастеевтің қайсыбір табиғат көріністеріне салған суреттерін көрсеңіз де, олар бір-бірін қайталамас көркімен көз жауын алып, көңілге жылылық ұялатады. Жыр болып төгіліп, өлең болып шалқып, күй боп күмбірлеп селқос адамның өзін оятады. Өсер елдің қанаты – оның өнері. Өнерде адам жан-дүниесінің құпияларын зерделей танудан және осы жаратылыс құпияларына салыстыра қараудан алар биік міндет жоқ.

Ал, Әбілхан болса өмір бойы тамыры солқылдаған жанды өмірді өзінің тума дарынымен, еңбегімен көп іздеді. Иә, ол осы бақытқа да ие болды. Өнер адамдары ақиқатты іздеп, адамзатқа қызмет көрсетсе, көбі ездерінің өмір соқпақтарын таба алмай, өзінің орнын өмірде де таба алмай жоғалады.

Әбілхан Қастеев 1939 жылы бірде-бір суреті болмаған, аты аңызға айналған халық батыры Амангелдінің портретін жасауға тәуекелмен Торғайға аттанады. Ай бойы ел аралап, көз көрген адамдармен, сарбаздармен көзбе-көз сұқбаттасты. Түр-пішінін, тұлғасын сұрап біліп, суретке болашақ жобасын дайындады. Бұл кезде Амангелді фильмі ел ішінде көрсетілсе де, батырдың шын тұлғасы, бейнесі әлі де болса беймәлім еді. Сол себепті республика үкіметі Халық Батырының бейнесін жасауға конкурс жариялаған еді. Осы көрмеге Әбілхан да қатысты.

Амангелдінің үзеңгілес серігі, Әліби Жанкелдин бұл портретке ықыласы ауып, ұзақ қарап, батырмен кездескендей сезімде болды.

- Бәрекелді! Ерлік жасадық! Досымды енді іздеп таптым! - дегені де есінде қалыпты. Кейін "Амангелді жорығы", "Торғай жорығы", "Амангелді сарбаздары" атпен бірнеше серия суретін батырға арнаса, бұл еңбегі де ел кезіне ілінді.

Әбілхан Қастеев портрет жанрына да көңіл бөлді. Мысалы: Абай, Шоқан, Алдабергенов, Жамбыл мен Кененің портретін сомдады.

Әрбір адам - ол үшін бір әлем. Портрет - адам жан дүниесінің төл құжаты. Суретші, ең әуелі, өзі салатын адамның жан дүниесіне терең үңіліп, мінез-құлқы, табиғатын танып біледі. Сезім күйін, ішкі жан құбылысының әуенін жеткізеді. Сонымен қатар ол батыр ма, ғалым ба, еңбек адамы ма, кәсіби интеллектуалдық жағын да еске алады.

Қазақ халқының бейнелеу өнері дамымаған. Міне, осы ауыр жүкті арқалаған Әбілхан арнайы академия, институт, тіпті, мектеп қабырғасынан білім алмаған, небары 3 кластық білімімен уақыт көшінен қалған жоқ, өз халқының шежіресіне өз халқының тарихына қанық еді. Күні кеше ғана Шешінде шоңайын сүйретіп, сиыр, қой бағып, Жаркентте кісі есігінде жалшы боп, кейін жол салған жұмыскер Әбілхан Қастеев 40 жасында атақты суретші атанды. 1944 жылы оған Қазақ ССР-інің Халық суретшісі деген құрметті атақ берілді.

Өзінің көзі тірісінде 200-ден астам көрмеге қатысты. Ұлы Даланың табиғатынан нәр алған, халқының өнеріне сусындаған Әбілхан Қастеев 1000-нан артық туындылар жасады. Оның еңбектері Франция, Индонезия, Үндістан, ГДР, Венгрия, Польша, Болгария, Монғолия сияқты шет елдерді де шарлап кетті. Оның есімімен көше ғана емес, Қазақ Республикасының өнер мұражайы, сурет мектептері аталды.

Тума талант, өз жерінің табиғатына, оның кеңістік әлемін, ондағы адамдар тіршілігін бояумен жазып, өнер шаңырағының пан төрінде орналасты. Енді тәуелсіздік алған қазақ елінің бейнелеу өнерін әлем жұртына таныстырып, елінің шежіресін бояу мен жазған кәсіби суретшілер легі көбейді.

Қазіргі халық суретшілері Хакімжан Наурызбаев, Молдахмет Кенбаев, Гүлфайруз Исмаилова, Үкі Әжиев, Қанафия Телжановтар Әбілхан Қастеевтің жүгін арқалап, ұрпаққа өз туындыларын көрмеге қойып, әлемге елін таныстырып, бояумен шежіре жазып жүр.